

"Шетелдік инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылғы 2 маусымдағы N 115.

"Шетелдік инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар кейбір жарлықтарына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1. "Шетелдік инвестициялар туралы" 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24, 280-құжат; 1995 ж., N 20, 120-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 274-құжат):

23-баптың 1 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Шет ел қатынасын кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізеді және қаржылық есептілік жасайды.";

"3. Шет ел қатысатын кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мерзімде және нысандар бойынша меншік иелеріне, мемлекеттік статистика, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарына олардың құзыретіне сәйкес жылдық қаржылық есептілік және аудиторлық қорытынды табыс етеді".

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Тауар биржалары туралы" 1995 жылғы 7 сәуірдегі N 2170 Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 26-құжат):

29-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Биржа Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізеді, қаржы және статистикалық есептілікті жасайды.".

3. Қазақстан Республикасы Президентінің "Сақтандыру туралы" 1995 жылғы 3 қазандағы N 2475 Заң күші бар Жарлығында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 19, 115-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 15, 279-құжат):

39-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"39-бап. Сақтандырушының бухгалтерлік есебі мен қаржылық есептілігі

Сақтандырушының бухгалтерлік есебі мен қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі".

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК